


Дәл осындай ізденімпаздығы
өндіріске жанашырлығы және



қасындағылардың да қамын жейтін
елгезектігі үшін Кеңес Одағының
министрліктері, үкімет, республика,
облыс басшылары тарапынан алғыс
хат, дипломдармен марапатталды.

Қуаныш Омашев туралы әдебиеттер

Алтайбаева, С. Дара қайнар: [ардагер металлург Қуаныш Омашев туралы] / С. Алтайбаева // Құрыш қала. - Теміртау.- 2014.- 2 мамыр (№18).- 5 б.

Несіпбай, А. Бақытты тағдыр: [ардагер металлург Қуаныш Омашев туралы] / А. Несіпбай // Егемен Қазақстан.- 2013.- 17 сәуір (№108).- 3 б.

Құрастырушы: АББ библиографы
Байтөлеу И.Б.

ОК телефоны: 8(7213)98-47-60
Факс: 8(7213)44-66-81
E-mail: tcs.gb@mail.ru



«Теміртау қаласының
орталықтандырылған
кітапханалар жүйесі» КММ
Ақпараттық-
библиографиялық бөлім

Қала тарихындағы есімдер



Қуаныш Омашев
Жаднама

Теміртау, 2014

Біздің бүгінгі әңгімеміздің бас кейіпкері, қаланың құрметті азаматы, еліміздің тұңғыш Президентінің досы, еңбектес, үзеңгілесі, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің кавалері Қуаныш Омашев. Қуаныш Омашев 1944 жылдың 5 мамырында Қарағанды облысы Ақадыр ауданында дүниеге келген.

Қуаныш Омашев студент кезінен демалыста келіп жұмыс істеп, институттың соңғы екі курсына Теміртауға қатынап жүріп кешкі түнгі ауысымда еңбек етіп оқып бітірді. Оқуын бітіргеннен кейін қиыршығыста әскери борышын өтеп, кейін сонда офицерлік қызмет атқарды.

Бірақ қайда жүрседе Қазақстан Магниткасы, күн-түні тынбай

соққан өндіріс ошағы қызықтырып оны өзіне магниттей тарта берді. Содан болар әскери қызметін өтегеннен кейін Теміртауға табан тіреді. Келе өзінің мамандығы бойынша қорытылған шикізатты қайта өңдейтін цехқа инженер болып орналасты. Алғырлығы, ашықтығы, көппен тіл табысуы арқасында әуелі мастер одан кейін учаске бастығы, цех бастығының орынбасары, одан цех бастығы болып сатылап жоғарылай берді. Осы жылдары өзінің білімін, біліктілігін, кәсіби шеберлігін әбден шындады.



Қара темірді қорытудан бастап одан түрлі заттар шығарудың технологиясын бес саусақтай игерді.

Комбинатта жұмыс істеген жылдары Қуаныш Омашевтің жас инженер шәкірттері арасынан өсіп қыранша самғаған, үлкен абырой атаққа жоғары лауазымға ие болғандары аз емес.

Қуаныш Омашевтың жұмыстан бос уақытында айналысатын еңбегі рационализаторлық яғни өндіріске жаңалық енгізу. Шынында сапасын жақсартатын озық жаңашыл әдістерді көп ойлап тапқан білікті инженер. Сол үшін КарМеткомбинат басшылығының арнайы сыйлығын үш мәрте жеңіп алды.